

"Астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 сәуірдегі N 337 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 29 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 8 сәуірдегі
N 337 қаулысымен
бекітілген

"Астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1. Қолдану саласы

1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы Техникалық регламенттің талаптары Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасында(ҚР СЭҚ ТН) тауарларды жіктеуге сәйкес жіктелетін, осы Техникалық регламентке 1-қосымшаға сәйкес техникалық реттеу объектісі болып табылатын азық-түліктік және тұқымдық астыққа қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Осы Техникалық регламенттің талаптары жемдік және техникалық мақсаттарға арналған астыққа және астықты қайта өңдеу өнімдеріне қолданылмайды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3-1. Азық-түліктік астықта:

1) әлеуетті қауіпті химиялық қосылыстардың рұқсат етілген шекті деңгейінің және пестицидтердің қалдық мөлшерінің;

2) қоспалардың, оның ішінде зиянды қоспаның рұқсат етілген шекті деңгейінің;

3) зиянкестермен залалдануының;

4) бөтен иістердің;

5) өздігінен қызуы, микроорганизмдердің дамуы мен микотоскиндердің пайда болуы үшін қолайлы жағдайлар туғызатын жоғары ылғалдылықтың болуы адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті факторлар болып табылады.

Ескерту. Техникалық регламент 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3-2. Мыналардың:

1) қоспалардың, оның ішінде зиянды қоспаның рұқсат етілген шекті деңгейінің;

2) жоғары ылғалдылықтың;

3) карантиндік арамшөптердің, зиянкестер мен аурулардың;

4) улы арамшөптер тұқымының;

5) зиянкестермен залалдануының болуы тұқымдық астықтың қауіпті факторлары болып табылады.

Ескерту. Техникалық регламент 3-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3-3. Астықты сәйкестендіру астық легі туралы ақпаратты қамтитын ілеспе құжаттама негізінде астық дақылының осы түріне тән ботаникалық белгілерін визуалды қарау бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. Техникалық регламент 3-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Техникалық регламентте мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

агротехникалық іс-шаралар - ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жөніндегі ғылыми негізделген тәсілдер жиынтығы;

агрохимиялық іс-шаралар - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығын сақтау мен ұдайы молықтыру және қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсатында агрохимикаттар мен пестицидтерді қолданудың ғылыми негізделген тәсілдерінің жиынтығы;

астық айналымы - әкелуді (импорттауды) және әкетуді (экспорттауды) қоса алғанда, астықты өткізу (сату немесе жеткізу) процестері;

астық қауіпсіздігі - қауіпті фактордың іске асырылу ықтималдығының және оның салдарларының ауыртпалық дәрежесінің үйлесімділігін ескере отырып, адамның өміріне, денсаулығына зиян келтіруге және тұтынушылар мүдделерінің бұзылуына байланысты жол берілмейтін тәуекелдің астықтың өмірлік циклінің барлық сатыларында болмауы;

астық өндіру - астық өсіруге бағытталған агротехнологиялық іс-шаралар кешені;

астық партиясы - сапасы бойынша біртекті, бір уақытта қабылдауға, тиеп жөнелтуге немесе сақтауға арналған, сапасы мен қауіпсіздігі туралы бір құжатпен ресімделген астық мөлшері;

астық сынамасы - сапасы мен қауіпсіздігін анықтау үшін партиядан іріктелген астықтың белгілі бір мөлшері;

астықты белсенді желдету - салқындату немесе кептіру мақсатында астықаралық кеңістіктің ауасын көп мәрте ауыстыру үшін астықты атмосфералық ауамен еріксіз үрлеу;

астықты жою - тағамдық мақсаттар үшін пайдаланылуын және оған адам мен жануарлардың болуын болдырмайтын, тұтынуға және (немесе) одан әрі қайта өңдеуге жарамсыз астыққа ықпал ету;

астықты залалсыздандыру - карантиндік объектілерді қоса алғанда, зиянкестерді, микроорганизмдерді жою үшін астыққа химиялық, радиациялық немесе физикалық әсер ету;

астықты кәдеге жарату - сапасыз және қауіпті астықты өз мақсатынан тыс пайдалану;

астықты кептіру - қыздырылған немесе қыздырылмаған ауамен (кептіру агентімен) өңдеу жолымен астықтың ылғалдылығын төмендету;

астықты сараптау - кәдеге жарату немесе жою мүмкіндігі туралы шешім қабылдау мақсатында астықтың қауіпсіздігі көрсеткіштерін анықтау;

астықты өткізу - сатып алу-сату, алмасу шарттарын ресімдеу жолымен меншік иесінің өзгеруі;

астықты сәйкестендіру - астықтың өмірлік циклінің барлық сатыларында астықты айырмашылық белгілері бойынша тануды қамтамасыз ететін рәсім;

астықты тазалау - сақтау кезінде астықтың төзімділігін қамтамасыз ету мақсатында арамшөпті және дәнді қоспаларды алып тастау, астықтың залалдануын жою;

астықты тасымалдау - өткізу немесе кәдеге жарату кезінде астық партиясының механикаландырылған жолмен орын ауыстыруы;

астықтың бөтен иісі - иісі шығатын бөгде заттарды астықтың сіңіруі нәтижесінде пайда болатын, сондай-ақ дұрыс сақтамау нәтижесінде пайда болатын иіс;

астықтың зиянкестермен залалдануы - астықаралық кеңістікте немесе жекелеген дәндер ішінде олардың кез келген даму сатысында тірі зиянкестердің болуы;

астықтың қауіпті қасиеттері - астықты пайдаланған кезде адам мен жануарлар өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін астықтың биологиялық, химиялық, радиациялық жай-күйі;

астықтың өздігінен қызуы - массасында қоршаған орта температурасының көтерілуіне байланысты емес, ішкі процестер салдарынан температураның көтерілуі болатын астықтың жай-күйі;

астықтың өмірлік циклі - астықты өндіру, сақтау, тасымалдау, сату, жою және кәдеге жарату процестері;

астықтың ылғалдылығы - астықтағы пайызбен көрсетілген ылғалдың болуы;

дезинфекция, дезинсекция және дератизация - өндірістік, тұрғын үй ғимараттарында, көлікте, қоғамдық орындар үй-жайларында және аумақтарда жүйелі түрде жүргізілетін, жұқпалы және паразиттік ауруларды қоздырғыштарды, тұрмыстық жәндіктер мен кеміргіштерді жоюға бағытталған шаралар кешені;

зиянды қоспа - адам мен жануарлар денсаулығы үшін қауіпті өсімдік және саңырауқұлақ текті қоспа;

қаракүйелі астық - қаракүйе спораларымен толық немесе ішінара (шашағы немесе бет бөлігі) ластанған астық;

қоқысты қоспа - астықты мақсатты арналуы бойынша пайдалану кезінде алып тастауға жататын органикалық және органикалық емес текті қоспа;

қызғылт түске боялған астық - ұрық саласында артықшылығы бар қабықтары қызғылт дақты астық;

мелиоративтік іс-шаралар - су мен ауа режимдері, химиялық және физикалық қасиеттері қолайсыз, желдің немесе судың механикалық әсеріне ұшыраған жерлерді түбегейлі жақсарту жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық және техникалық іс-шаралар жиынтығы;

эрозияға қарсы іс-шаралар - топырақты жел және су эрозиясынан қорғаудың ғылыми негізделген тәсілдерінің жиынтығы;

фузариозды астық - пісіп-жетілу кезінде фузариум тұқымдас саңырауқұлақтармен залалданған, ағарыңқы, кейде қызғылт сары түсті дақтары болатын астық.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Астықтың нарықтағы айналымының шарттары

5. Астықтың нарықта айналымының қажетті шарты осы Техникалық регламентпен белгіленген талаптарға сәйкестігі болып табылады.

6. Импортталатын астықты жеткізуге арналған шарттарда астықтың түрін, астықтың арналымын, елдің және өндіруші-кәсіпорынның (орындаушының) атауын, сақтау мерзімін әрі сақтау шарттарын қамтитын, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған ақпарат астықпен ілесіп жүруі көзделуі тиіс.

7. Астықтың қауіпсіздігі мен сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруға әкелетін іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында, астық нарығына қатысушылар сатып алушыларға және (немесе) тұтынушыларға астық қауіпсіздігі мен сапасы көрсеткіштері туралы толық әрі дұрыс ақпарат ұсынады.

4. Өндіру процесінде астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

8. Астық өндіру экологиялық және фитосанитарлық қауіпсіздікті, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің экологиялық және фитосанитарлық қауіпсіздігін, құнарлылығын сақтауды және ұдайы молықтыруды қамтамасыз ететін, қоршаған ортаға қолайсыз әсер етуді болдырмайтын немесе шектейтін ғылыми негізделген және ұсынылған тәсілдермен жүзеге асырылады.

9. Астықты өндіру кезінде:

1) қолданыстағы нормалар, нормативтер, агротехникалық, агрохимиялық, мелиоративтік, фитосанитарлық және эрозияға қарсы іс-шараларды жүргізу ережелері сақталуы;

2) зиянкестер, өсімдік ауруларын қоздырғыштар және карантиндік маңызы бар арамшөптер болмайтын тұқымдар пайдаланылуы;

3) Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өткен пестицидтер (улы химикаттар) қолданылуы тиіс.

10. Астық өсіру кезінде пайдаланылатын пестицидтер (улы химикаттар) мен тыңайтқыштар Қазақстан Республикасының химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына жауап беруі тиіс.

Астықта улағыш заттардың жинақталуын болдырмау тыңайтқыштар мен гербицидтерді қолдану жөніндегі талаптарды (енгізу және өңдеу мерзімдері, тәсілдері, мөлшерлері және еселігі) сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

11. Тыңайтқыштар мен өсімдік қорғау құралдарын қолдану жөніндегі автокөліктің, ауыл шаруашылығы техникасының, машиналардың және жабдықтың техникалық жай-күйі, оларды пайдалану тәртібі машиналар мен жабдық қауіпсіздігі саласындағы заңнаманың талаптарына сай болуы тиіс.

12. Астық өндіру процесінде Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасына сәйкес өрт қауіпсіздігі талаптары сақталуы тиіс.

5. Сақтау кезінде астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

13. Астықты сақтау экологиялық, құрылыс, өрт, санитарлық, фитосанитарлық талаптарға жауап беретін, астық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін астық сақтау қоймаларында жүзеге асырылады.

14. Астық сақтау қоймаларының аумағы қоршаулы және атмосфералық жауын-шашын суағарларға бұрылған қатты жабыны болуы тиіс. Аумақтың карантиндік және басқа да зиянды организмдермен залалданған учаскелері залалсыздандырудан өтулері тиіс.

Ғимараттардың жертөлелік қабаттарының және жерасты тоннелдердің жайғастырылуы оларға жерасты суларының өтуін болдырмауы тиіс.

15. Астық сақтау қоймалары ғимараттарының құрылыс құрастырмаларының материалдары Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілуі тиіс.

16. Өндірістік үй-жайлар қабырғаларының, төбелерінің, ұстайтын құрастырмаларының, есіктерінің, едендерінің, сондай-ақ силостар мен бункерлердің қабырғалары томпақтарсыз, ойпақтарсыз, бүртіктерсіз болуы және оларды тазалау мен залалсыздандыруды жеңіл жүргізуге мүмкіндік берулері тиіс.

Астық сақтау қоймаларының едендері ойықтар мен жарықтарсыз болуы, тегіс асфальтбетонды жабыны болуы тиіс, қабырғаларының беттері тегіс, тазалау мен залалсыздандыру үшін қол жетерлік болуы тиіс. Астық үйіндісіне шыны түсуін болдырмау үшін терезелер ішкі жағынан тормен бітелуі, шырақтар - торы бар қорғаныс қалпақтарымен қоршалуы тиіс. Белсенді желдету арналарының кіру тесіктерінің атмосфералық жауын-шашынның кіруіне жол бермейтін, тығыз жабылатын қақпақтары болуы тиіс.

17. Астық сақтау қоймаларында астықты өңдеудің технологиялық процесі астықпен байланысты барлық операцияларды ағылмалы механикаландырылған түрде жүргізуді қамтамасыз ететін технологиялық желілерді қолдану базасында ұйымдастырылуы тиіс.

Ағылмалы технологиялық желі операциялардың мынадай дәйектілігін көздеуі тиіс:

келіп жатқан астықты өлшеу;
астықты механикаландырылған жолмен түсіру;
астықты алдын-ала қалдықтазартқышта тазалау;
дымқыл астықты уақытша орналастыру;
дымқыл және су астықты кептіру;
астықты айырғыштарда тазалау;
астықты триерлерде және басқа да астықтазалағыш машиналарда тазалау;
тазаланған астық пен қалдықтарды өлшеу;
өңделген астықты астық қоймаларына орналастыру.

18. Біртекті технологиялық жабдықтың әрбір тобына пайдалану жөніндегі нұсқаулық болуы тиіс.

19. Астық сақтау қоймаларында:

- 1) астықпен бірге басқа материалдар мен жабдықты сақтауға;
- 2) қоймалық үй-жайлардың ішінде астық тазалау, басқа да машиналарда іштен жану қозғалтқыштарын қолдануға;
- 3) қойманың екі жақ қақпасы жабық тұрғанда жылжымалы механизмдермен жұмыс істеуге;
- 4) қатты отынмен жұмыс істейтін кептіргіштерде тез тұтанатын сұйықтықтармен және жанғыш сұйықтықтармен, ал сұйық отынмен жұмыс істейтіндер факелдың көмегімен жағуға;
- 5) кептіргіштерде ақауы бар температура бақылау аспаптарымен және оттықтағы от сөніп қалған кезде отынды беруді автоматты түрде тоқтататын қондырғысыз және электрлі тұтату жүйесімен немесе оларсыз жұмыс істеуге;
- 6) астықты транспортер лентасынан биік етіп үюге және лентаның транспортер тетіктерімен үйкелуіне жол берілмейді.

20. Кептіргіш жұмыс істеп тұрған кезде астық температурасын бақылауды үлгіні әр 2 сағат сайын алу жолымен жүзеге асырылады.

Арту-түсіру тетіктерін шаң-тозаң мен астықтан тазарту жұмыстары бір тәуліктен кейін жүргізіледі.

20-1. Бидайдың, кара бидайдың, арпаның, күнбағыстың, қарақұмықтың, тарының, сұлының тұқымдық астығының ең жоғарғы қызуы 40 °С-тан, ал кептіру агентінің температурасы - 70 °С-тан аспауы тиіс. Бұршақты дақылдар мен күрішті кептіру кезінде тұқымдық астықтың қызуы 35 °С-тан, ал кептіру агентінің температурасы - 60 °С-тан аспауы тиіс.

Ылғалдылығы 19 %-дан жоғары тұқымдық астықты кептіру кезінде тұқым ұрығының зақымдануына жол бермейтін жұмсақ режим қолданылады, бұл ретте

бірінші аймақта қыздырудың шекті температурасын 5 °С-қа, ал кептіру агентінің температурасын - 10 °С-қа төмендету жүргізіледі.

Ескерту. Техникалық регламент 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

21. Жылжымалы кептіру агрегаты астық қоймасының ғимаратынан кемінде 10 метр қашықтықта орнатылады.

Кептіргіштердің от жану құрылғысынан ұшқын шықпауы тиіс. Түтін шығу құбырлары ұшқын сөндіргішпен жабдықталуы, ал олардың жанғыш құрастырмалары арқылы өтер тұстары өртке қарсы бөліктермен оралып, сылануы қажет.

22. Астықты астық қоймаларында желдету кезінде желдеткіштер жанғыш қабырғалардан кемінде 2,5 метр аулақ орнатылғаны жөн. Ауа шығарғыштар отқа төзімді материалдардан жасалады.

23. Кептіргіштегі тетіктердің мойын тіректері мен басқа да бөліктерін пайдалану нұсқаулығына сәйкес тұрақты майлау қажет.

24. Астықты кептіру кезінде оның қызмет көрсетуші тұлғалары жұмыс уақытында кептіру ғимаратында ешқайда кетпей болғаны және оның жүзеге асырғаны жөн.

25. Сақтауға келіп түскен зиянкестер ластаған астық физикалық (суыту, кептіру, тазалау) және химиялық әдістерді қолдана отырып өңдеуге тартылуы тиіс. Химиялық залалсыздандыру үшін Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген құралдар пайдаланылады.

26. Астық қоймасына астық түскен сәттен бастап оны сақтаудың барлық кезеңі ішінде астықтың әрбір партиясының сапасы мен жай-күйін жүйелі қадағалау жүзеге асырылады. Қадағалаулар астықтың ылғалдылығына, температурасына, зиянкестермен залалдануына, иісіне және түсіне жүргізілуі тиіс.

26-1. Тұқымдық астықта мынадай көрсеткіштер: ылғалдылық, өнгіштік, дақылдардың және арамшөп тұқымдарының болуы бақыланады және айқындалады.

Ескерту. Техникалық регламент 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

27. Сақтау кезінде астықтың температурасы мен ылғалдылығын бақылауға арналған жабдықтың болуы астық сақтау қоймалары үшін міндетті талап болып табылады.

28. Сақтау кезінде астық қауіпсіздігі кептіру немесе мынадай: бидай, қара бидай, арпа, күріш, қарақұмық, тритикале үшін - 14,5%-дан аспайтын; жүгері, тары, сұлы, құмай үшін - 13,5 %-дан аспайтын; асбұршақ, үрме бұршақ, жасымық, ноқат үшін - 15,0 %-дан аспайтын; күнбағыс, рапс, кенедән тұқымдары үшін - 7,0 %-дан аспайтын; мақта тұқымы үшін - 8,5 %-дан аспайтын; зығыр тұқымы, күнжіт, жержаңғақ үшін - 9,0 %-дан аспайтын; мақсары үшін - 10%-дан аспайтын; қыша, көкнәр үшін - 11 %-дан аспайтын; қытайбұршақ, кенепшөп үшін - 12,0 %-дан аспайтын ылғалдылыққа дейін белсенді желдету арқылы қамтамасыз етіледі.

28-1. Сақтау кезінде тұқымдық астықтың ылғалдылығы:

бидай, қара бидай, арпа, асбұршақ, сұлы, тритикале, жүгері, ноқат, қытай бұршақ үшін 14 %-дан аспауға;

тары үшін 13,5 %-дан аспауға;

күріш, жасымық, сиыржоңышқа үшін 15,0 %-дан аспауға;

құмай, арыш, мақсары, майлы зығыр, сора үшін 13,0 %-дан аспауға;

қыша үшін 12,0 %-дан аспауға;

жер жаңғақ үшін 11,0 %-дан аспауға;

күнбағыс, көкнәр тұқымдары, мақта шиті үшін 10,0 %-дан аспауға;

күнжіт, кенедән үшін 9,0 %-дан аспауға;

рапс, беде қыша үшін 8,0 %-дан аспауға;

қарақұмық, ноғатық үшін: Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарында 14,0 %-дан аспауға, ал басқа облыстарда 15,0 %-дан аспауға тиіс.

Ескерту. Техникалық регламент 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

29. Сақталатын астықтың температурасын бақылау дақылға және астықтың ылғалдығына байланысты жүзеге асырылады. Астықтың температурасын бақылау жиілігі осы Техникалық регламентке 2-қосымшада көрсетілген.

30. Сақталатын астықта өздігінен қызудың дамуы ықтималдығын көрсететін температура көтерілген кезде, оны дереу салқындатуға шаралар қабылдануы тиіс.

31. Астықтың зиянкестермен залалдануына, түсі мен иісі бойынша бақылау қойманың жеке секциялары немесе элеватордың силостары бойынша іріктелген сынамалар бойынша, астықтың температурасына қарай мынадай мерзімдерде:

+15 °С-дан жоғары температура кезінде - 10 күнде бір рет;

+15 °С-дан +5 °С-ға дейінгі температура кезінде - 15 күнде бір рет;

+5 °С-дан төмен температура кезінде - айына 1 рет жүргізіледі.

32. Зиянкестермен залалдану анықталған кезде физикалық (суыту, кептіру, тазалау) немесе химиялық әдістерді пайдалана отырып оны жою жөніндегі шұғыл шаралар қолданылады.

33. Әрбір босаған сайын қоймалар механикалық тазалануы, зиянкестермен залалданған кезде - ылғалды немесе газды тәсілмен залалсыздандырылуы тиіс.

34. Зиянкестермен залалданған астық залалданбаған астықты сақтауға арналған қоймадан кемінде 40-50 метр қашықтықта орналасқан, оқшауланған үй-жайда сақталуы тиіс. Қоймалық үй-жай ішінде сыпырынды, қоқыс және шаң сақтауға жол берілмейді.

35. Астық қоймаларында өндірістік процестерді ұйымдастыру және өткізу кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары қамтамасыз етілуі тиіс.

6. Астықты тасымалдау кезінде қойылатын қауіпсіздік талаптары

36. Астықты тасымалдау астықтың қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады.

37. Астық құрғақ, таза, бөтен иіссіз, зиянкестермен залалданбаған көлік құралдарында тасымалданады.

38. Астық тасымалдауға арналған автокөлік құралдары техникалық тұрғыдан жарамды, таза, бөтен иіссіз болуы тиіс. Астықты атмосфералық жауын-шашынның әсерінен бүлінуден сақтау және шығындарды болдырмау үшін тасымалдаушылар кузовтардың едендері мен борттары қосылатын жерлерді тығыздауды және кузовтарды жамылғылармен жабдықтауды қамтамасыз етуі тиіс.

39. Астықты темір жол көлігімен (арнайы вагондармен-астық тасушылармен, жабық вагондармен немесе контейнерлермен) тасымалдау кезінде тиеуге жарамды және тазаланған, қажет болған жағдайда жуылған вагондар мен контейнерлер беріледі, оларды тиеуге бергенге дейін станциядағы тасымалдаушының өкілі қарауы тиіс.

40. Арнайы вагондар-астық тасушылар тиеуге жарамды кузовтарымен беріледі, тиейтін және түсіретін люктердің қақпақтарында саңылаулар болдырмайтын резиналық тығыздағыштар, сондай-ақ ілмек-пломбалық құрылғыны бұзбастан люктің ашылуын болдырмайтын ілмек тетіктері мен жарамды шектеу қондырғылары болуы тиіс.

41. Жабық вагондар астық тасымалдауға тасымалдаушы берген ақаусыз есік тоспалары (қалқандары) болған жағдайда жіберіледі.

42. Вагондар мен контейнерлерді жуу және дайындау пункттерінде өсімдік карантині саласындағы уәкілетті органның өкілі жүк жөнелтушінің өкілімен

бірігісімен отырып вагондар мен контейнерлердің астық тиеуге жарамдылығын алдын-ала қарауды жүргізеді.

43. Карантиндік объектілермен залалдану анықталған жағдайда залалданған астық Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині туралы заңнамасының талаптарына сәйкес залалсыздандырылуы, қайта өңделуі, жойылуы немесе қайтарылуы (импорт жағдайында) тиіс.

44. Залалданған астықты түсіргеннен кейін жүк алушы вагондар мен контейнерлерді жуады. Залалданған астықты тасымалдағаннан кейін вагондарды, контейнерлерді және қалқандарды залалсыздандыру жүк алушы немесе тасымалдаушы жүк алушының есебінен тасымалдаушы мен жүк алушы арасындағы шарттармен белгіленетін тәртіппен жүргізіледі.

45. Астық тасымалдаудағы көлік құралдарына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен санитарлық паспорттар ресімделеді.

46. Эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша ұтқыр бригадалар және (немесе) мамандандырылған ұйымдар Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдарын қолдана және қолдану режимін, қауіпсіздік шараларын, кәдеге жарату әдістерін, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен гигиеналық нормативтерді сақтай отырып астық сақтауға арналған вагондарды, контейнерлерді және су көлік құралдарының трюмдерін өңдеуді жүргізеді.

47. Вагондарды, контейнерлерді және су көлік құралдарының трюмдерін өңдеу жөніндегі жұмыстардың аяқталуы вагонның, контейнердің, трюмнің нөмірін, жүктің атауын, жұмыстарды жүргізу күні мен уақытын, дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдарының атауларын және жұмысты орындаушыны көрсете отырып белгіленген нысандағы анықтамамен ресімделеді.

48. Анықтама үш данада жасалады, оған жұмысты жауапты орындаушы және темір жол көлігіндегі, аумақтағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органы, жүк жөнелтуші мен тасымалдаушының өкілдері қол қояды.

7. Астықты сату кезіндегі қауіпсіздік талаптары

49. Азық-түліктік астықты сату кезінде астықтағы ылғал маңызы осы Техникалық регламенттің 28-тармағында келтірілген барынша жол берілген деңгейден аспауы тиіс.

Ескерту. 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

50. Азық-түліктік астықтағы ықтимал қауіпті химиялық қосылыстар мен биологиялық объектілердің, пестицидтердің және қоспалардың қалдық

мөлшерлерінің қамтылуы осы Техникалық регламентке 3-қосымшада көрсетілген мәндердің барынша жол берілген деңгейінен аспауы тиіс.

Ескерту. 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

51. Осы Техникалық регламентке 4-қосымшада келтірілген тізбеге сәйкес, азық-түліктік астықта тірі зиянкестердің болуына жол берілмейді.

Ескерту. 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

51-1. Тұқымдық астықта карантиндік арамшөптер (тұқымы мен жемістері), зиянкестер және аурулар бар болса, оны өткізуге және тұқымдық мақсатта пайдалануға рұқсат етілмейді. Тұқымдық астықты зақымдайтын улы арамшөптер тұқымдарының, тірі зиянкестер мен олардың личинкаларының болуы осы Техникалық регламентке 4-1-қосымшада көрсетілген мәндердің деңгейінен аспауы тиіс.

Ескерту. Техникалық регламент 51-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

52. Астық бүлінбеген, құрғақ, таза, бөтен иістерсіз және өздігінен қызу белгілерінсіз болуы тиіс.

53. Тұқымдық мақсатқа арналған және себу алдында уландырғыштармен өңдеуге ұшыраған астық азық-түліктік мақсаттарға пайдаланыла алмайды.

54. Сату кезінде әрбір астық партиясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті құжаттармен сүйемелденуі тиіс.

55. Егер астық сату кезінде оның қауіпті қасиеттерді иеленуіне әкеп соқтырған бұзылуға жол берілсе, ол өткізуге жатпайды және тиісті сараптамаға жіберіледі, оның нәтижелері бойынша астық кәдеге жаратылады немесе жойылады.

56. Қазақстан Республикасынан экспортталатын астық, импорттайтын елдегі қолданыстағы заңдарымен, регламенттерімен өзге ештеңе талап етілмейтін жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай болуы тиіс.

8. Астықты кәдеге жаратқан және жойған кездегі қауіпсіздік талаптары

57. Осы Техникалық регламенттің талаптарына жауап бермейтін астық сараптама нәтижелері негізінде кәдеге жаратылуы немесе жойылуы тиіс.

58. Сараптама жүргізуге және оны кәдеге жарату немесе жою мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін қажетті кезеңде астық партия көлемін көрсете

және астыққа қол жеткізуді болдырмайтын шарттарды сақтай отырып жекелеген үй-жайларда сақталуы тиіс.

59. Астық сараптамасы белгіленген тәртіппен тіркелген сынақ зертханасында (орталығында) жүзеге асырылады.

60. Астықты кәдеге жарату астықты жемдік немесе техникалық мақсаттарға пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

61. Жемдік немесе техникалық мақсаттарға пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда астық жойылуы тиіс.

Астық иесі жойылуға тиісті астыққа қол жеткізуді оқшаулау және шектеу жөнінде шаралар қабылдайды.

62. Қауіп тудыратын астық жою алдында залалсыздандырылады.

63. Ауаның, топырақтың, жерасты суларының және жер үстіндегі су тоғандарының ластануын болдырмау үшін қауіпті астықты осы мақсаттар үшін көзделген орындарда жою және көму Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

64. Мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз астықты тасымалдауға, сақтауға, сараптауға, кәдеге жаратуға немесе жоюға байланысты барлық шығыстарды оның иесі төлейді.

9. Астық қауіпсіздігінің тәуекелдігін бағалау

Ескерту. 9-бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

10. Сәйкестік презумпциясы

Ескерту. 10-бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Сәйкестікті растау тәртібі

67. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

68. Астықтың осы Техникалық регламенттің және үйлестірілген стандарттардың талаптарына сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

69. Азық-түліктік астық міндетті сертификаттау жүргізу нысанында сәйкестігін міндетті растауға жатады.

Ескерту. 69-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

70. Азық-түліктік астықтың сәйкестігін растау "Сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламентінің 1-қосымшасының 7-схемасы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

71. Отандық және импортталатын азық-түліктік астықтың сәйкестігін растау бірыңғай рәсімдер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11-1. Астықты буып-тую мен таңбалауға қойылатын талаптар

Ескерту. Техникалық регламент 11-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

71-1. Буып-тую мен таңбалауға қойылатын талаптар тек тұқымдық астыққа ғана қатысты белгіленеді.

Бірегей және элиталық тұқым, бірінші ұрпақ будандары 1 %-ға дейін ауытқумен 50 кг-дан аспайтын салмақпен буып-түйіледі.

Орам тұқымдық астықтың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс және таңбасы немесе зат белгісі болуы керек, онда:

тұқым өндірушінің атауы;

дақыл;

сорт;

репродукция;

сорттық тазалығының санаты;

егіс стандартының сыныбы;

жиналған жылы;

тұқым легінің нөмірі;

сорттық тазалығы;

сорттық құжаттың және тұқымның егістік сапасын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні көрсетіледі.

Тұқым салынған әрбір қапқа немесе контейнерге тұқымның егістік сапасын куәландыратын құжаттан басқа, деректерімен затбелгі салынады. Дәріленген тұқым салынған орамға "Дәріленген" деген жазу жазылады.

12. Үйлестірілген стандарттар тізбесі

Ескерту. 12-бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Қолданысқа енгізілу мерзімдері мен шарттары

73. Осы Техникалық регламент ресми жариялағаннан кейін бір жыл өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

74. Осы Техникалық регламент қолданысқа енгізілгенге дейін берілген сәйкестікті растау саласындағы құжаттар олардың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін күшінде болады деп есептеледі.

"Астық қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы (ҚР СЭҚ ТН)

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.09.06
№ 904(2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

СЭҚ ТН	Позициялар атауы	Қосымша өлшем бірлігі
1	2	3
1001	Бидай және меслин:	
1002 00 000 0	Қара бидай	-
1003 00	Арпа:	
1004 00 000 0	Сұлы	
1005	Жүгері:	
1006	Күріш:	
1006 10	- қауыздалмаған күріш (шикі күріш):	
1006 10 100 0	-- себуге	
	-- басқасы:	
	--- буланған:	
1006 10 210 0	---- қысқа дәнді	-
1006 10 230 0	----- орташа дәнді	-
	---- ұзын дәнді:	
1006 10 250 0	----- ұзындығының еніне қатысында 2 артық, бірақ 3 кем	-
1006 10 270 0	----- ұзындығының еніне қатысында 3 тең немесе артық	-
	--- басқасы:	

1006 10 920 0	---- қысқа дәнді	-
1006 10 940 0	---- орташа дәнді	-
	---- ұзын дәнді:	
1006 10 960 0	----- ұзындығының еніне қатысында 2 артық, бірақ 3 кем	-
1006 10 980 0	----- ұзындығының еніне қатысында 3 тең немесе артық	-
1006 20	- қауыздалған күріш (жылтыратылмаған):	
	-- буланған:	
1006 20 110 0	--- қысқа дәнді	-
1006 20 130 0	--- орташа дәнді	-
	--- ұзын дәнді:	
1006 20 150 0	---- ұзындығының еніне қатысында 2 артық, бірақ 3 кем	-
1006 20 170 0	---- ұзындығының еніне қатысында 3 тең немесе артық	-
	-- басқасы:	-
1006 20 920 0	--- қысқа дәнді	-
1006 20 940 0	--- орташа дәнді	-
	--- ұзын дәнді:	
1006 20 960 0	---- ұзындығының еніне қатысында 2 артық, бірақ 3 кем	-
1006 20 980 0	---- ұзындығының еніне қатысында 3 тең немесе артық	-
1006 30	- жартылай жарылған немесе толықтай жарылған күріш, жалтыратылған немесе жалтыратылмаған, жылтыратылған немесе жылтыратылмаған:	
	-- жартылай жарылған күріш:	
	--- буланған:	
1006 30 210 0	---- қысқа дәнді	-
1006 30 230 0	---- орташа дәнді	-
	---- ұзын дәнді:	
1006 30 250 0	----- ұзындығының еніне қатысында 2 артық, бірақ 3 кем	-
1006 30 270 0	----- ұзындығының еніне қатысында 3 тең немесе артық	-
	--- басқасы:	
1006 30 420 0	---- қысқа дәнді	-

1006 30 440 0	---- орташа дәнді	-
	---- ұзын дәнді:	
1006 30 460 0	----- ұзындығының еніне қатысында 2 артық, бірақ 3 кем	-
1006 30 480 0	----- ұзындығының еніне қатысында 3 тең немесе артық	-
	-- толық жарылған күріш:	
	--- буланған:	
1006 30 610 0	---- қысқа дәнді	-
1006 30 630 0	---- орташа дәнді	-
	---- ұзын дәнді:	
1006 30 650 0	----- ұзындығының еніне қатысында 2 артық, бірақ 3 кем	-
1006 30 670 0	----- ұзындығының еніне қатысында 3 тек немесе артық	-
	---- басқасы:	
1006 30 920 0	---- қысқа дәнді	-
1006 30 940 0	---- орташа дәнді	-
	---- ұзын дәнді:	
1006 30 960 0	----- ұзындығының еніне қатысында 2 артық, бірақ 3 кем	-
1006 30 980 0	----- ұзындығының еніне қатысында 3 тең немесе артық	-
1006 40 000 0	- жарылған күріш	-
1007 00	Астық жүгерісі:	
1008	Қарақұмық, тары және су бидайық тұқымы; басқа астықты дақылдар:	
1008 10 000	- карақұмық	
1008 20 000	- тары:	
1008 30 000 0	- су бидайық тұқымы	-
1008 90	- басқа астықты дақылдар:	
1008 90 100 0	-- тритикале (бидай - кара бидай буданы)	-
1008 90 900 0	-- басқалары	-
0713	Кептірілген, аршылған, тұқымның қабығынан тазартылған немесе тазартылмаған, жарылған немесе жарылмаған бұршақ көкөністер:	
0713 10	- асбұршақ (Pisum sativum):	

0713 20 000 0	- ноқат	-
	- үрме бұршақ (<i>Vigna</i> spp., <i>Phaseolus</i> spp.):	
0713 31 000 0	-- үрме бұршақ түрлері <i>Vigna mungo</i> (L.) Hepper немесе <i>Vigna radiata</i> (L.) Wilczek	-
0713 32 000 0	-- қызыл ұсақ үрме бұршақ (адзуки) (<i>Phaseolus</i> немесе <i>Vigna angularis</i>)	-
0713 33	-- кәдімгі үрме бұршақ, ақ ұсақ тұқымды үрме бұршақты коса (<i>Phaseolus vulgaris</i>):	
0713 39 000 0	-- басқасы	-
0713 40 000 0	- жасымық	-
0713 90 000 0	- басқалары	-
1201 00	Қытайбұршақ, жарылған немесе жарылмаған:	
1202	Жер жаңғақ, қуырылмаған немесе басқа әдіспен дайындалмаған, аршылған немесе аршылмаған, жарылған немесе жарылмаған:	
1203 00 000 0	Копра	-
1204 00	Зығыр тұқымы, жарылған немесе жарылмаған:	
1205	Рапс тұқымы немесе кольза, жарылған немесе жарылмаған:	
1205 10	- рапс тұқымы немесе кольза, эрук қышқылдың төмен маңызымен:	
1206 00	Күнбағыс тұқымы, жарылған немесе жарылмаған:	
1207	Басқа майлы дақылдардың тұқымдары және жемістері, жарылған немесе жарылмаған:	
1207 20	- мақта шиті:	
1207 40	- күнжіт тұқымы:	
1207 50	- қыша тұқымы:	
1207 91	-- көкнәр тұқымы:	
1207 99	-- басқалары:	

"Астық қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
2-қосымша

Астық температурасын бақылау жиілігі Бидай, қара бидай, арпа, сұлы, қарақұмық, тритикале, дәнді бұршақ дақылдары

Ылғалдылық б о й ы н ш а а с т ы қ т ы ң жай-күйі*	Жаңа жиналған астық (қабылдаған сәтінен бастап үш ай ішінде)	Басқа астықтың температурасы		
		+10 ° C-тан жоғары	+10 ° C-тан 0-ге дейін	0 ° C және төмен

құрғақ және орташа құрғақ	5 күнде 1 рет	15 күнде 1 рет	15 күнде 1 рет	15 күнде 1 рет
ылғалды	күн сайын	2 күнде 1 рет	5 күнде 1 рет	15 күнде 1 рет
дымқыл	күн сайын	-	-	-

Жүгері, тары, күріш

Ылғалдылық бойынша астықтың жай-күйі*	Жаңа жиналған астық (қабылдаған сәтінен бастап үш ай ішінде)	Басқа астықтың температурасы	
		+10 °C-тан жоғары	+10 °C-тан төмен
құрғақ	3 күнде 1 рет	10 күнде 1 рет	15 күнде 1 рет
орташа құрғақ	2 күнде 1 рет	5 күнде 1 рет	10 күнде 1 рет
ылғалды	күн сайын	-	-
дымқыл	күн сайын	-	-

Майлы дақылдардың тұқымдары

Ылғалдылық бойынша астықтың жай-күйі*	Жаңа жиналған тұқым	Басқа астықтың температурасы		
		+25 °C-тен +20 °C-қа дейін	+20 °C-тен +10 °C-қа дейін	10 °C және төмен
құрғақ және орташа құрғақ	3 күнде 1 рет	5 күнде 1 рет	10 күнде 1 рет	15 күнде 1 рет
ылғалды	күн сайын	-	-	-
дымқыл	күн сайын	-	-	-

*Ылғалдығы бойынша нормалар дақылға байланысты стандарттарға сәйкес қойылады.

"Астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
3-қосымша

Азық-түліктік астықтағы ықтимал қауіпті химиялық қоспалар мен биологиялық объектілердің, пестицидтердің қалдық мөлшерлерінің және қоспалардың маңызы

Ескерту. 3-қосымша өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.06 № 904(2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Атауы	Көрсеткіштер	Қолжетімді деңгейлер, мг/кг, аспайтын	Ескертпе
1	2	3	4

Уытты элементтер		
Қорғасын	0,5	
Күшән	0,2	
Кадмий	0,1	
Сынап	0,03	
Микотоксиндер		
Афлатоксин В1	0,005	
Дезоксиниваленол	0,7	Бидай
	1,0	Арпа
Т-2 токсин	0,1	
Зеараленон	1,0	Бидай, арпа, жүгері
Нитрозаминдер		
Бенз(а)пирен	0,001	
Пестицидтер*		
Гексахлорцикло-гексан (альфа-, бета-, гамма-изомерлері)	0,5	
ДДТ және оның метаболиттері	0,02	
Гексахлорбензол	0,01	Бидай
Сынапорганикалық пестицидтер	Жол берілмейді	
2,4-Д қышқылы, оның тұздары, эфирлер	Жол берілмейді	
Диэльдринге есептегендегі жеке немесе жиынтық альдрин	0,01	Комиссияның 86/362 нұсқауына сәйкес үйлестірілген
Карбарил	1,0-күріш, 0,5-өзге дәнді дақылдар	Комиссияның 86/362 нұсқауына сәйкес үйлестірілген
Хлордан (цис- және транс-изомерлері)	0,02	Комиссияның 86/362 нұсқауына сәйкес үйлестірілген
Диазинон	0,02	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
1,2-дибромэтан (бромды этилен)	0,01	Комиссияның 86/362 нұсқауына сәйкес үйлестірілген
Эндосульфан (альфа-, бета-, гамма-изомерлері және эндосульфанға есептегендегі эндосульфан сульфаты)	0,05	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген

Дәнді дақылдар (бидай, кара бидай, тритикале, сұлы, арпа, тары,	Эндрин	0,01	Комиссияның 86/362
--	---------------	-------------	---------------------------

қарақұмық, күріш, жүгері, құмай жүгері)			нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Гептахлор (гептахлор және гептахлормен есептегендегі гептахлорэпоксид сияқты)	0,01	Комиссияның 86/362 нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Малатион (малатион және малатионмен есептегендегі малаоксон сияқты)	8,0	Комиссияның 86/362 нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Фосфамид	0,05	Комиссияның 86/362 нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Пиретриндер (пиретрин I және II, цинерин I және II, ясмолин I және II сияқты)	3,0	Комиссияның 86/362 нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Трихлорфон	0,1	Комиссияның 86/362 нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Этефан	0,5-арпа, сұлы, 0,2-қара бидай, құмай жүгері, 0,05-тритикале	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Хлормекват	2,0-арпа, қара бидай, тритикале, бидай, 5,0-сұлы	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Фенвалерат және эсфенвалерат, RR және SS изомерлерін қоса алғанда	0,2-арпа, сұлы, 0,05-қара бидай, тритикале, бидай	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Фенвалерат және эсфенвалерат, RR және SS изомерлерін қоса алғанда	0,05-арпа, сұлы, 0,02-бидай	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Фенаримол	0,02	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
	Дикофол, р. және о.р. изомерлерін қоса алғанда	0,02	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген

Триазофос	0,02	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
Карбофуран және карбофуранды білдіретін гидро-ксихарбофуран	0,1	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
Бенфуракраб	0,05	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
Форат, оның оксидті аналогын және олардың сульфонын қоса алғанда	0,05	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
Тиабендазол	0,05	Комиссияның 2000/42ЕК нұсқауына сәйкес үйлестірілген
Радионуклидтер		
Цезий-137	70	Бк/кг
Стронций-90	40	Бк/кг
Араласпалар		
Қызыл күйе	0,05	%, артық емес
Жорғалайтын уекіре, түлкіқұйрықты софора, ланцетті термопсис (жиынтығы бойынша)	0,1	%, артық емес
Түрлі-түсті аққайраң	0,1	%, артық емес
Тұқымы түскен гелиотроп	0,1	%, артық емес
Сұр триходесма	Жол берілмейді	
Қара күйелі (кірленген, көгерген) астық	10,0	%, артық емес, бидай
Фузариозды астық	1,0	%, артық емес, қара бидай, бидай, арпа
Қызғылт түске боялған астық	3,0	%, артық емес, қара бидай
Ашық сарыжасыл флуоресценциялы астық	0,1	%, артық емес, жүгері
Зиянкестермен залалдануы	Жол берілмейді, II деңгейден жоғары емес кенемен залалданғаннан басқа	
Уытты элементтер		
Қорғасын	0,5	

Дәнді бұршақ дақылдар (асбұршақ, үрме бұршақ, ноқат, жасымық)	Күшән	0,3	
	Кадмий	0,1	
	Сынап	0,02	
	Микотоксиндер		
	Афлотоксин В1	0,005	
	Пестицидтер		
	Гексахлорцикло-гексан (альфа-, бета-, гамма-изомерлері)	0,5	
	ДДТ және оның метаболиттері	0,05	
	Сынапорганикалық пестицидтер	Жол берілмейді	
	2,4-Д қышқылы, оның тұздары, эфирлер	Жол берілмейді	
	Зиянкестермен залалдануы	Жол берілмейді	
	Радионуклидтер		
Цезий-137	50	Бк/кг	
Стронций-90	60	Бк/кг	
Майлы дақылдар (күнбағыс, қытай-бұршақ, коза, жүгері, зығыр, рапс, қыша, жержаңғақ)	Уытты элементтер		
	Қорғасын	1,0	
	Күшән	0,3	
	Кадмий	0,1	
	Сынап	0,05	
	Микотоксиндер		
	Афлотоксин В1	0,005	
	Пестицидтер		
	Гексахлорцикло-гексан (альфа-, бета-, гамма-изомерлері)	0 , 2	Қытайбұршақ, коза Зығыр, қыша, рапс Күнбағыс, жержаңғақ
		0 , 4	
		0,5	
	ДДТ және оның метаболиттері	0 , 0 5	Қытайбұршақ, коза Жүгері, зығыр, қыша, рапс , Күнбағыс, жержаңғақ
		0 , 1	
		0,15	
	Радионуклидтер		
	Цезий-137	70	Бк/кг
	Стронций-90	90	Бк/кг

* - пестицидтің қалдық мөлшерін айқындау жөніндегі тиісті әдістеме, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген стандартты үлгі болған жағдайда қолданылады.

Астықта болуына жол берілмейтін тірі зиянкестер тізбесі

Орысша атауы	Латынша атауы
Қамба бізтұмсығы	<i>Sitophilus granarius</i> L.
Күріш бізтұмсығы	<i>Sitophilus oryzae</i> L.
Ұнның үлкен қара қоңызы	<i>Tenebrio molitor</i> L.
Ұнның кіші қара қоңызы	<i>Tribolium castaneum</i> Hbst.
Кіші шоқпар мұртты қара қоңыз	<i>Tribolium confusum</i> Duv.
Суринам ұн жемірі	<i>Oryzaephilus surinamensis</i> L.
Жирен ұн жемірі	<i>Laemophloeus testaceus</i> F.
Қойманың күрең тері жемірі	<i>Attagenus simulans</i> Sols.
Тері жемірі	<i>Dermestes lardarius</i> L.
Кілем қоңызы	<i>Attagenus piceus</i> Oliv.
Өзгермелі трогодерма	<i>Trogoderma variabile</i> Ball.
Ала түсті тері жемірі	<i>Trogoderma versicolor</i> Creutz.
Ұры қоңыз	<i>Ptinus fur</i> L.
Астықтың дән тескіш қоңызы	<i>Stegobium paniceum</i> L.
Дән тескіш қоңыз	<i>Rhizopertha dominica</i> F.
Қойма күйесі, немесе астық күйесі	<i>Nemapogon granellus</i> L.
Ұнның қан көбелегі	<i>Pyralis farinalis</i> L.
Диірменнің қан көбелегі	<i>Ephestia kuehniella</i> Zell.
Оңтүстік қойма қан көбелегі	<i>Plodia interpunctella</i> Hb.
Капр қоңызы	<i>Trogoderma granarium</i>

Ескерту. Техникалық регламент 4-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР
Үкіметінің 2010.09.06 № 904 (2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі)
Қаулысымен.

Тұқымдық астықтағы улы арамшөп тұқымдарының, тірі зиянкестердің және олардың личинкаларының болуы

Дақылдар атауы	Улы арамшөп тұқымының, тірі зиянкестердің және олардың личинкаларының атауы	Ескертпе

Бидай, арпа	Жілтесті жеміс гелиотропы	Рұқсат етілмейді
	Сұр триходесма	Рұқсат етілмейді
	Кене	1 -2 сынып - рұқсат етілмейді, 3 сынып -1 килограмға 20 данадан көп емес
	Бидай галла нематоды (бидай угрицасы)	бидай - рұқсат етілмейді
Күріш	Кене	1-2 сынып - рұқсат етілмейді, 3 сынып -1 килограмға 20 данадан көп емес
	Қарақүйе	Суперэлита және элита - рұқсат етілмейді
	Күріш афеленхі	Суперэлита және элита -рұқсат етілмейді
Тритикале	Сабакты, ергежейлі, шанды және катты қарақүйе	0,5 %-дан көп емес
	Шанды және катты қарақүйе	Элита - рұқсат етілмейді
Тары	Жілтесті жеміс гелиотропы	Рұқсат етілмейді
	Сұр триходесма	Рұқсат етілмейді
	Қарақүйе	Бірінші және кейінгі репродукциялар -0,5 %-дан көп емес, Көбейту питомнигі, суперэлита және элита -0,1 %-дан көп емес
Қарақұмық	Жілтесті жеміс гелиотропы	Рұқсат етілмейді
	Сұр триходесма	Рұқсат етілмейді
	Кене	1 сынып - рұқсат етілмейді, 2 сынып -1 килограмға 20 данадан көп емес
Құмай жүгері	Жілтесті жеміс гелиотропы	Рұқсат етілмейді
	Сұр триходесма	Рұқсат етілмейді
	Қарақүйе	Бірінші және кейінгі репродукциялар -0,5 %-дан көп емес
		Көбейту питомнигі, суперэлита және элита - рұқсат етілмейді
Асбұршак	Жілтесті жеміс гелиотропы	Рұқсат етілмейді
	Сұр триходесма	Рұқсат етілмейді
	Кене	1 килограмға 10 данадан көп емес
	Асбұршак дән қоңызы	1 килограмға 10 данадан көп емес
Ноқат	Жілтесті жеміс гелиотропы	Рұқсат етілмейді
	Сұр триходесма	Рұқсат етілмейді
Түйе бұршак, маш, жасымық, ноғатық	Жілтесті жеміс гелиотропы	Рұқсат етілмейді
	Сұр триходесма	Рұқсат етілмейді
	Кене	1 сынып - рұқсат етілмейді, 2 сынып -1 килограмға 20 данадан көп емес
Күнбағыс	Нағыз күйе зиянкестерінің (Tineidae), қан көбелегі (Pyralidae)	Рұқсат етілмейді
Рапс	Ақ тамырдері	Рұқсат етілмейді
	Теңбіл убалдырған	Рұқсат етілмейді
	Қара меңдуана	Рұқсат етілмейді
	Күйдіргі, жатаған, у сарғалдақ	Рұқсат етілмейді

	Дәрілік сарыбасша	Рұқсат етілмейді
	Кене	1 сынып - рұқсат етілмейді, 2 сынып -1 килограмға 20 данадан көп емес
Зығыр	Кене	1-2 сынып - рұқсат етілмейді, 3 сынып -1 килограмға 20 данадан көп емес
Жер жаңғақ	Кене	1 сынып - рұқсат етілмейді, 2 сынып -1 килограмға 20 данадан көп емес
	Оңтүстік склероциалды шірік (Sclerotium rolfsii Sacc)	Рұқсат етілмейді

"Астық қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
5-қосымша

Астық сәйкестігін растаудың ұсынылатын рәсімдері

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.09.06
№ 904(2011.03.11 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК